

Көкпекті аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 56-5 "2021-2023 жылдарға арналған Көкпекті ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2021 жылғы 26 сәуірдегі № 5-5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 12 мамырда № 8783 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Көкпекті аудандық мәслихатының 2021 жылғы 31 наурыздағы № 4-6/1 "Көкпекті аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 55-2 "2021-2023 жылдарға арналған Көкпекті аудандық бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8556 тіркелген) шешіміне сәйкес, Көкпекті аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Көкпекті аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 56-5 "2021-2023 жылдарға арналған Көкпекті ауылдық округінің бюджеті туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8174 тіркелген, 2021 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Көкпекті ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 96 397,0 мың теңге:

салықтық түсімдер – 16 810,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

трансферттер түсімі – 79 587,0 мың теңге;

2) шығындар – 102 465,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге;
 қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;
 мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 теңге;
 б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 теңге;
 қарыздар түсімі – 0 теңге;
 қарыздарды өтеу – 0 теңге;
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 6 068,2 мың теңге.";

аталған шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ж. Алпысбаев

Көкпекті аудандық мәслихат хатшысы

Т. Сарманов

Көкпекті аудандық
 мәслихатының
 2021 жылғы 26 сәуірдегі
 № 5-5 шешіміне қосымша
 Көкпекті аудандық
 мәслихатының
 2020 жылғы 29 желтоқсандағы
 № 56-5 шешіміне 1 қосымша

2021 жылға арналған Көкпекті ауылдық округінің бюджеті

Санаты			
Сыныбы			
Ішкі сыныбы			
		Атауы	Сомасы (мың теңге)
		I. КІРІСТЕР	9 6397,0
1		Салықтық түсімдер	1 6810,0
	1	Табыс салығы	2 000,0
	2	Жеке табыс салығы	2 000,0
	4	Меншікке салынатын салықтар	1 4810,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	710,0
	3	Жер салығы	900,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 3200,0
	5	Бірыңғай жер салығы	0,0
	5	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	0,0

	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	0,0
2		Салықтық емес түсімдер	0,0
	1	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	0,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	0,0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0
	3	Жерді және материалдық емес активтерді сату	0,0
	1	Жерді сату	0,0
	2	Материалдық емес активтерді сату	0,0
4		Трансферттердің түсімдері	7 9 587,0
	2	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	7 9 587,0
	3	Аудандық бюджеттен түсетін трансферттер	7 9 587,0
Функционалдық топ			
Кіші функция			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
		Атауы	Сомасы (мың теңге)
		II. ШЫҒЫНДАР	1 02 465,2
1		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 2 877,2
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	3 2 877,2
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 2 877,2
	1	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	3 2 877,2
	22	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0,0
7		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6 5 588,0
	2	Коммуналдық шаруашылық	1 632,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 632,0
	14	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	1 632,0
	3	Елді-мекендерді көркейту	6 3 956,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 3 956,0
	8	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3 2 150,0

	9	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	2 500,0
	10	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	0,0
	11	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2 9306,0
12		Көлік және коммуникация	4 000,0
	1	Автомобиль көлігі	4 000,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 000,0
	13	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	4 000,0
13		Басқалар	0,0
	9	Басқалар	0,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,0
	40	Өңірлерді дамытудың 2021 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	0,0
		III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
		Бюджеттік кредиттер	0,0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
		IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
		Қаржы активтерін сатып алу	0,0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
		V. Бюджет тапшылығы (профициті)	0,0
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0,0
		Қарыздар түсімі	0,0
		Қарыздарды өтеу	0,0
	8	Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	6 068,2
	1	Бюджет қаражатының қалдықтары	6 068,2
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	6 068,2